

Қазақстан Республикасына мұнай және газ скважиналарына геофизикалық зерттеулерді орындау үшін иондаушы сәулелену көздерін әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 маусымдағы N 1021

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 P960298_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ойлфилд Лоджистикс" акционерлік қоғамының "Шлюмберже" компаниясына "Теңізшевройл" бірлескен кәсіпорнымен 1996 жылғы 8 мамырдағы N ОК 21715 келісім-шартына сай мұнай және газ скважиналарына геофизикалық зерттеулерді орындау үшін Қазақстан Республикасына мынадай бас иондаушы сәулелену көздерін (СЭҚ ТН коды 2845.90900) әкелуге рұқсат берілсін:

Гамма - каротаж жүргізу үшін белсенділігі 1.69 Кюри цезий - 137 негізінде:

Гамма - калибрлеу жүргізу үшін белсенділігі 0.8 Кюри кобальт - 60 негізінде:

нейтронды каротаж жүргізу үшін белсенділігі 20 Кюри америций-берилий - 241-негізінде;

нейтронды калибрлеу жүргізу үшін белсенділігі 0,6 Кюри америций-берилий - 241-негізінде;

гамма - калибрлеу жүргізу үшін белсенділігі 0,5 Кюри цезий - 137 негізінде.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Иондаушы сәулелену көздерін әкелуге бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының жанындағы Атом энергиясы жөніндегі агенттікке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі